

## **Бюджеттік борыштар бойынша есептеме жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1641

Мемлекеттік телерадио хабарларының бағдарламаларын тарату жөніндегі көрсеткен байланыс қызметі үшін республикалық бюджеттің берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының бюджет алдындағы қосылған құнға салынған салық бойынша 136857 мың (жүз отыз алты миллион сегіз жүз елу жеті мың) теңге сомасындағы берешекке есептеме жүргізісін. Аталған сома мемлекеттік телерадио хабарларының бағдарламаларын тарату жөніндегі көрсеткен байланыс қызметі үшін Көлік және коммуникациялар

министрлігінің алдындағы республикалық бюджеттің берешегі есебіне есептелсін.

2. Берешекті есептеу 1996 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша, аталған сомаларды республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары